

Қылмыстық құқық (жалпы бөлім)

7-тақырып

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі және субъективтік жағы

► Дайындаған : PhD Рахимова Гакку Нурлановна

Жоспар:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің түсінігі
2. Қылмыстың құқық бұзушылықтардың арнаулы субъектісі
3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері
4. Қылмыстық құқық бұзушылық ниет және мақсат. Қате және оның маңызы

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің ұғымы және белгілері

- ҚРҚК 15 бабының 1 бөлігіне сай, "Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта он алты жасқа толған есі дұрыс жеке тұлға қылмыстық жауаптылыққа жатады".

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІ

- ▶ Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып тек жеке тұлға болады, яғни заңды тұлғалар қылмыс субъектісі бола алмайды. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі тек есі дұрыс тұлға болады. Есі дұрыстық деп жалпы айтқанда заң алдында өз әрекеті үшін жауап бере алатындығы. Есі дұрыстық - бұл қоғамға қауіпті іс-әрекет жасау барысында өз ісіне есеп бере алатын оларды басқара алатын психикалық жағдайы.

Есі дұрыстық қылмыстық жауаптылықтың міндетті шарты

- ▶ ҚРҚК 16 бабына сәйкес есі дұрыс еместік 2 критеримен белгіленеді:
- ▶ Медициналық, заңды. Медициналық критерий - адамның созылмалы психикалық ауруын, психикалық қызметінің уақытша бұзылуын, басқа аурумен ауыратын жағдайын айтамыз.
- ▶ Олардың 4 түрі: 1) созылмалы психикалық ауру, 2) уақытша психикалық ауру, 3) кем ақылдық, 4) басқа да психикалық аурулар.
- ▶ Есі дұрыстық сияқты, есі дұрыс еместік те құқықтық түсінік. Сол себепті тұлғаның есі дұрыс немесе есі дұрыс еместігі туралы қорытынды нақты қылмыстық іс бойынша сот (алдын ала тергеу барысында анықтау органы, тергеуші, прокурор) береді.
- ▶ Бірақ өз шешімдерін заңгерлер сот-психиаторлық эксперт қорытындысымен негіздейді

Қылмыстық жауаптылық туындайтын жас мөлшері

- ▶ ҚРҚК бойынша жалпы қылмыстық жауапкершілік 16 жас деп белгілеген. Жалпы көп қылмыстар үшін жауапкершілік 16 жастан басталады
- ▶ Ал кейбір қылмыстар қоғамға қауіптілігі құқыққа қарсылығын жас өспірімге де көрінетін қылмыстар үшін 14 жастан (ҚК 15 б, 2 б). 14 жастан жауапкершілік белгіленген қылмыстар тізімі шектелген.
- ▶ Кейбір қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып (әскери, мемлекеттік қызмет мүдделеріне қарсы қылмыс) тек 18 жасқа толған адамдар бола алады.

Қылмыстың арнайы субъектісінің ұғымы

- ▶ Арнаулы субъекті болып субъектінің жалпы белгілерінен басқа қосымша белгілері бар тұлға болады.
- ▶ Бұндай қосымша белгілер Ерекше бөлімнің баптарында көрсетілген. Қылмыстың арнайы субъектісін оның белгілерін дұрыс түсіну қылмысты саралауға қажет. Арнаулы субъекті белгілеріне байланысты сипатталады.
- ▶ Олар тұлғаның құқықтық жағдайына, оның қызметтік жағдайына және демографиялық сипатына және субъектінің жәбірленушімен қатынасы және т.б. жатады

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі мен маңызы

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы - адамның психикалық іс-әрекетінің қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тікелей байланысты жағының көрінісі болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы қылмыстық құқық бұзушылықтың ішкі мәнін, мазмұнын білдіреді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының белгілері:

Қылмыстық құқық
бұзушылықтағы кінә

Қылмыстық құқық
бұзушылықтағы ниет

Қылмыстық құқық
бұзушылықтағы мақсат

Қылмыстық құқық бұзушылықтағы кінә

Кінә - кез келген
қылмыстық құқық
бұзушылық құрамының
міндетті белгісі болып
табылады!!!!

Қылмыстық құқық бұзушылықтағы ниет және мақсат

Ниет

- Факультативті белгі

Мақсат

- Факультативті белгі

Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының заңдылық маңызы төмендегідей:

1. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы - кез келген қылмыстық құқық бұзушылық құрамының міндетті элементі болып табылады

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы — қылмыстық жауаптылықтың құрамдас бөлігі ретінде, қылмыстық құқық бұзушылықты өзге іс-әрекеттерден ажыратуға мүмкіндік береді

2. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы - объективтік жағынан өзара ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір-бірінен ажыратуға мүмкіндік береді

3. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының мазмұны - жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың, сондай-ақ оны жасаған адамның қоғамға қауіптілік дәрежесінің деңгейін анықтауға себеп болады. Бұл жағдай қылмыстық жауаптылықтың негізділігін және мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қылмыстық құқық
бұзушылықтың субъективтік
жағы дегеніміз – адамның өзінің
жасаған іс-әрекетіне психикалық
қатынасын сипаттайтын
қылмыстық заңда көрсетілген
белгілердің жиынтығын айтамыз.

2. Кінәнің түсінігі мен нысандары

Кінә дегеніміз — адамның қасақаналықпен немесе абайсызда істейтін қоғамға қауіпті іс-әректіне және оның қоғамға зиянды зардабына деген көзқарастарының жиынтығының көрсеткіші болып табылады.

ҚР ҚК 19-бабы. Кінә

1. Адам өзінің кінәсі анықталған қоғамға қауіпті іс- әрекеттері (әрекеттері немесе әрекетсіздігі) және оның қоғамға қауіпті зардаптарының туындауы үшін ғана қылмыстық жауаптылыққа жатады.
2. Объективті айып тағуға, яғни кінәсіз зиян келтіргені үшін қылмыстық жауаптылыққа жол берілмейді.
3. Іс-әрекетті қасақана немесе абайсызда жасаған адам ғана қылмыстық құқық бұзушылық үшін кінәлі деп танылады.
4. Абайсызда жасалған іс-әрекет осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында арнайы көзделген жағдайда ғана қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.

Кінә мазмұнын



Адамның сезіну –
интеллектуалдық
кезең



Адамның еркі –
еріктілік кезең

Кінә нысандары

Қасақаналық
ҚРҚК 20-бап

Абайсыздық
ҚРҚК 21-бап

Тікелей
қасақанал
ық

Жанама
қасақана
лық

Менмендік

Немқұрай
лық

Кінә нысандарының маңызы:

1. Кінә нысаны- қылмыстық құқық бұзушылықты, қылмыстық құқық бұзушылыққа жатпайтын іс-әрекеттерден ажыратуға негіз болады.
2. Кінә нысаны - қылмыстық құқық бұзушылықтарды бір бірінен ажыратуға негіз болады. (ҚРҚК 99-бап. Адам өлтіру және ҚРҚК 104-бап. Абайсызда қазаға ұшырату)
3. Кінә нысандары — қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеке даралауда маңызы бар
- 4.Кінә нысаны - қылмыстық құқық бұзушылықтарды санаттауда негіз болады. (Аса ауыр қылмыстар қасақана жасалады ҚРҚК 11-бап)
5. Кінә нысаны - бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу шартын айқындайды. Мысалы:

ҚРҚК 46-бап.

- « 1) абайсызда жасаған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған, сондай-ақ қасақана қылмыс жасағаны үшін бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза тағайындалған, алғаш рет сотталған адамдарға — колония-қоныстарда;
- 3) аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдарға, сондай-ақ егер сотталған адам бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген болса, қылмыстардың қайталануы кезінде және әйелдерге қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде — қатаң режимдегі түзеу колонияларында;
- өтеу тағайындалады”

3. Қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылық және оның түрлері

ҚР ҚК 20-бап. Қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылық

1. **Тікелей немесе жанама** пиғылмен жасалған іс-әрекет қасақана жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.
2. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін немесе болмай қоймайтынын алдын ала болжап білген болса және осы зардаптардың туындауын қалаған болса, қылмыстық құқық бұзушылық **тікелей пиғылмен жасалған** деп танылады.
3. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті екенін ұғынған болса, оның қоғамға қауіпті зардаптарының болу мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, осы зардаптардың орын алуын қаламаса да, оларға саналы түрде жол берсе не оларға немқұрайлы қараса, қылмыстық құқық бұзушылық **жанама пиғылмен жасалған** деп танылады.

4. Абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық және оның түрлері

21-бап. Абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық

1. Менмендікпен немесе немқұрайлылықпен жасалған іс-әрекет абайсызда жасалған қылмыстық құқық бұзушылық деп танылады.
2. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала болжап білген болса, бірақ бұған жеткілікті негіздерсіз жеңілтектікпен бұл зардаптарды болдырмауға болады деп есептеген болса, қылмыстық құқық бұзушылық менмендікпен жасалған деп танылады.
3. Егер адам өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіпті зардаптар туғызу мүмкіндігін алдын ала болжап білмеген болса, дегенмен тиісті ұқыптылық пен сақтық танытқанда, осы зардаптарды алдын ала болжап білуге тиіс және біле алатын болғанда, қылмыстық құқық бұзушылық немқұрайлылықпен жасалған деп танылады.



Ниет пен мақсат психологиялық категориялар ретінде бір-бірімен тығыз байланысты.

5. ҚЫЛМЫСТЫҚ КҮКҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚ
Адамның кез келген әрекеті белгілі бір ниеттермен және мақсаттармен жасалады. **ниет және мақсат. Қате және оның**
маңызы Қылмыстық әрекетті жасау кезінде адам белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағыттала отырып белгілі бір ниетті басшылыққа алады. Сонда ниет пен мақсат арасында ішкі байланыс бар деген сөз. Ниет субъектіні мақсатқа жеткізетін ішкі итеруші күш болып табылады.

Қылмыстық құқық бұзушылық ниет – бұл белгілер қажеттілік пен мүдделермен сипатталған сезімінің оянуынан адамды қылмыстық құқық бұзушылық жасауға итермелейтін және қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде адам басшылыққа алатын адамның саналы ішкі түрткісі.

Ал мақсат - қылмыстық құқық бұзушылық жасай отырып адамның қол жеткізуге ұмтылатын нәтижені тілеуі болып табылды.



Қате - адамның өзі жасаған әрекетінің немесе әрекетсіздігінің және оның зардаптарының заңдық немесе іс жүзіндегі сипатын немесе мән-жайын дұрыс түсінбеуі. Қатенің сипаты қылмыстың субъективтік жағын анықтауға елеулі ықпал етеді, оның ішінде қылмыстық жауаптылық мәселесін шешуде маңызды болып табылады. Кінәлінің адасу (түсінбеу) сипатына байланысты қателер заңдық және фактілік (іс жүзіндегі) болып бөлінеді.

- ▶ Осыған сәйкес қылмыстық құқық теориясында заңдылық қатенің 4 түрі бар:
- ▶ 1) Адам заңда жаза көзделмеген іс әрекетті жасап, оны өзі қылмыстық құқық бұзушылық деп санайды. Мұндай қате сол жасаған әрекет үшін қолданылатын қылмыстық заң нормасы болмағандықтан оны қылмыстық жауаптардан құтқарады. Мысалы, арзанға сатып алған тауарды қымбатқа сатқанын адам қылмыстық құқық бұзушылық жасадым деп қате ойлайды.
- ▶ 2) Адам өз і жасаған әрекетін қылмыстық заңға қайшы емес деп қате ойлайды, ал қылмыстық заңда ол әрекет үшін жауаптылық қарастырылған, заңды білмеу жауаптылықтан босатпайды. Мысалы, адам тауып алған оқ-дәріні өзінде сақтайды, ол үшін қылмыстық жауаптылық жоқ деп қате ойлайды.
- ▶ 3) Адамның өзі жасаған әрекетті заңдық саралау туралы қате түсінеді. Мысалы, сеніп тапсырған бөтеннің мүлкін иелену әрекетін жасап тұрып, оны ұрлық деп қате саралайды.
- ▶ 4) Адам өзі жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін тағайындалуы мүмкін жазаның мөлшері мен түрі туралы қате түсінеді. Фактілік қате – адамның өзі жасаған қылмыстық құқық бұзушылығының объектісіне және объективтік жағына жататын мән жайларды қате түсінуі.



Назарларыңызға
рахмет!!!